«Жан-Айниет» жеке меншік балабақшасы мекемесі
«Тәрбиебесігі» жобасыаясында
Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары Ақпан айына анықтама

Тақырыбы: «Үйдегі баланың қозғалыс белсенділігі»

Жоспардың мақсаты – мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарына баланың қозғалыс дамуының ерекшеліктері туралы түсіндіру, үй жағдайында қауіпсіз әрі тиімді қозғалыс ортасын ұйымдастыру жолдарын көрсету, би қимылдарының бала өміріндегі маңызын таныстыру және ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.
Консультациялық пункт жұмысы дәріс, тәжірибелік түсіндіру, практикалық сабақ және ұсыныстар беру форматында ұйымдастырылады.
Іс-шара барысында ата-аналарға ерте жастағы баланың қозғалыс саласының ерекшеліктері түсіндіріледі. Баланың ірі және ұсақ моторикасының дамуы, тепе-теңдік сақтау қабілеті, қимыл үйлесімділігі, жас кезеңіне сай қозғалыс дағдыларының қалыптасу ерекшеліктері туралы ақпарат беріледі. Сонымен қатар, қозғалыс белсенділігінің баланың денсаулығына, сөйлеу тіліне, ойлау қабілетіне және эмоционалдық дамуына әсері кеңінен талқыланады.
Дәріс бөлімінде ата-аналарға қозғалыс тапшылығының салдары, гиподинамияның алдын алу жолдары, күн тәртібіндегі қозғалыс уақытының маңызы туралы мәлімет ұсынылады. Баланың жасына қарай күніне қанша уақыт белсенді қимылда болуы керектігі түсіндіріледі.
Практикалық бөлімде ата-аналарға үй жағдайында ойын орнын ұйымдастыру жолдары көрсетіледі. Үйдегі бос кеңістікті қауіпсіз ету, тайғақ емес төсеніш қолдану, қарапайым спорттық құралдарды (доп, секіртпе, жұмсақ кедергілер, туннель, массажды кілемше) пайдалану тәсілдері көрсетіледі. Балалар мен ата-аналарға арналған бірлескен қимыл ойындары ұсынылады: доп лақтыру және қағып алу, кедергілерден өту, еңбектеу, секіру, тепе-теңдік жаттығулары.
Ата-аналарға «ойын арқылы дамыту» қағидасы түсіндіріліп, қозғалысты күнделікті тұрмыстық әрекеттермен байланыстыру жолдары айтылады. Мысалы, ойыншықтарды жинау кезінде еңкейіп-тұру, баспалдақпен көтерілу, серуен кезінде табиғи кедергілерден өту. Сонымен қатар, бала өміріндегі би қимылдарының маңызына ерекше назар аударылады. Би – тек өнер емес, ол баланың ырғақ сезімін, координациясын, есту қабілетін, эмоциялық тұрақтылығын дамытатын тиімді құрал екені түсіндіріледі. Практикалық сабақ барысында ата-аналарға қарапайым ырғақты қимылдар, қол шапалақтау, айналу, музыка ырғағына сәйкес қозғалу жаттығулары көрсетіледі. Баламен бірге билеу арқылы ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланыс нығаятыны атап өтіледі.
Іс-шара соңында ата-аналарға әдістемелік ұсыныстар мен кеңестер беріледі. Үй жағдайында қауіпсіздік ережелерін сақтау, баланы мәжбүрлемеу, қимыл белсенділігін мадақтау, жетістігін қолдау, күн сайын таза ауада серуен ұйымдастыру қажеттілігі түсіндіріледі.
Консультациялық пункт жұмысының нәтижесінде ата-аналардың баланың қозғалыс дамуы туралы білімдері кеңейіп, үй жағдайында белсенді орта құру дағдылары қалыптасады. Бұл жұмыс мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың денсаулығын нығайтуға және үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Дайындаған: Әдіскер Абсанова Н:О.